

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

БАЛАЛАР БОЙЫНДА АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

Иса Сымбат Сейдалықызы

Symbat.anarbaeva.96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: – п.ғ.к., доцент Асылбекова М.П.

Адамзат тарихы агрессияның тұлға мен қоғам өмірінің бөлінбес бөлігі екендігін сенімді түрде дәлелдейді. Қазір «агрессия» сөзі кең мағынада қолданылады. Бұл құбылыс жағымсыз эмоциялармен, мотивтермен, жағымсыз нұсқаулармен және бүлдіруші әрекеттермен тығыз байланысты.

Агрессия латын тілінен аударғанда «шабуыл» деген мағынаны береді. «Агрессия» термині жалпы алғанда бейтарап мағынаға ие. Агрессия сыртқы нысандарға (адам, зат, жануарлар) және өзіне(денеге, тұлғаға) бағытталуы мүмкін.

Қазіргі таңда қоғамда жас өспірім балалар ортасындағы агрессивті беталыстың өсуі бізді алаңдатууда. Жастар арасындағы қылмыстық істер, әсіресе жеткіншектер қылсымы ең күрделі де қиын әлеуметтік мәселеге айналууда. Сонымен қатар, денеге зиян келтіретін тұлғаға бағытталған қылмыстық әрекеттер санының көбеюі деректері де күннен күнге артууда. Ал қоғам үшін басқа адамдарға бағытталған агрессия ерекше қауіпті екені мәлім. Агрессивті мінез-құлықтың сипаты көп жағдайда жас ерекшелігіне байланысты анықталады.

Мінез-құлықтағы қиыншылықтарды зерттеген шет ел психологтары Л.С.Выгодский, М.Г.Бреслов, Л.И.Божович, А.В. Запарожец т.б. және Қазақстан психологтары Ұ.И.Ауталипова, Х.Т.Шерьязданова, Д.Е.Абдраманова, А.Т. Акажанованың т.б еңбектерінде бұл мәселенің күрделі екендігін байқауға болады.

Жас өспірім балалар бойындағы агрессивті мінез-құлықтың ерекшелігі оның абыройын үлкендердің құрдастары арасында төмендетуіне тәуелділігі болып табылады. Осы жаста агрессивті болу құрбы-құрдастарының жалпы қарым-қатынас жасау ортасында «мықты болып көрінуді» білдіреді. Мінез-құлықтың агрессивті ауытқушылығы мәселесі – педагогикалық психологияның басты әрі маңызды проблемасының бірі болып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында, «Қазақстан- 2050» стратегиялық даму жоспарында – бала тәрбиесі мен білім беру жүйесін нығайтуда баланың эмоциялы күй-жағдайына көбірек көңіл бөле отырып дамыту негізгі мәселесі болып қарастырылған[1].

Агрессивті мінез-құлықтың қалыптасуына әсер ететін шартсыз факторлардың бірі – отбасындағы қатынас. Көптеген шет елдік зерттеулерде агрессивті балалардың ата-аналары физикалық жазаларды қолдануға бейім болған және бір-бірімен келісушілік болмаған, балаларға жек көрушілік қатынаспен және эмоциялық салқындықпен қарым-қатынас жасау нәтижесінде туындаған мінез-құлық ауытқушылықтар деп тұжырымдаған. Балалардағы агрессивтілікті зерттей келе үш вариантын сипаттайды:

➤ Ата-анасының біреуі агрессивті болғандықтан және агрессивтілік және қылмыстық тенденцияны туындататын күрделі конфликттер себебінен бала агрессивті болады.

➤ Ата-анасының ешқайсысы агрессивті болмайды. Ата-аналары агрессивті емес, балаларын қатал жазалаушы және жанұялық конфликт аз болған, бірақ балалар физикалық жазалауға ұшырайды.

➤ Баланың агрессивті мінез-құлыққа шектен тыс қамқоршылық жанұяның ішінде бекітіледі. Тек осының салдарынан бала нақты сол агрессивті мінез-құлықтың жағымсыз жақтарының басымдылығын таразылауға үйренеді. Сонымен қатар ата-ана жағынан агрессивті мінез-құлықтың шектен тыс болуы да зиян болады. Бала міндетті түрде өзінің

ашу ызасын ішіне жинауға мәжбүр болған жағдайда оның агрессивті сезімдері соғұрлым күшейе түседі. Қатал жазалау жаңа фрустрацияларға әкеледі[2]. Яғни сол жағдайлардан шығар жол таппаған кезде жаңа агрессивті сезімдерге әкеледі. Егер бұл қайталанатын болса, негативті шиеленісті іздеу ретінде қарастырылатын мінез-құлықтың моделі қалыптасады. Жасырын агрессивтілік болған жағдайда балада мазасыздану және жайсыздық (дискомфорт) пайда болады.

Агрессивті мінез-құлыққа анасының және әкесінің ашуын көтере алмаған жағдайда және фрустрацияға жауап бере алмаған кезде балада мазасыздану жоғарылай бастайды. Бұл тұжырымды И.Г. Морозова да (1993) ұстанады. Оның пікірінше, просоциалды өмірлік бағдары бар жағымды жанұяда өскен балаларға ашық түрде өзінің агрессивтілігін қанағаттандыруға шек қойған жағдайда, яғни асоциалды жеткіншектерге тән сана астындағы кешендерді қанағаттандырудағы агрессивті садисттік фантазиялау негізіндегі стереотиптегі формаға айналуы мүмкін[3].

Ұ.И.Ауталипованың «Жас ерекшелік психологиясы еңбегінде» жеткіншектік жас-адамның дамуындағы өте қиын кезеңдердің бірі. Балалық шақтан өткен бірақ ересектікке әлі жетпеген 11-15 жас аралығында балаларды психологияда жеткіншек жас кезеңдегілер деп атайды. Бұл жас кезеңі «өтпелі кезең», «қиын жас», «проблемалы» т.б. көптеген қосымша белгілері бар. Оның барлығы осы жас кезеңінде жүретін психофизиологиялық процесстермен байланысты. Бұл жас аралығында бала ағзасы дамудың бір сатысынан екінші сатысына өтіп, ал әлеуметтік статусы бойынша олар әлі балалық шақта жүрген кезең. Психологияда мұндай құбылыс даму дағдарысы деп аталады.

Осы шақта жеткіншектер өздерін отбасының, сыныптың, қоғамның тең құқылы мүшесі, яғни тұлға ретінде сезінеді. Олар өздерін қоғамдық қарым-қатынастар жүйесінде сезінумен бірге, болашақтағы ересек өмірге жоспар құра бастайды және бұл жоспар өздері үшін маңызды болып келеді. Сондықтан ересектердің араласқанын жақтырмайды, қызғанады, себебі олар өз қиялдары жетегінде өмір сүреді. Өкінішке орай, ата-аналар мен ұстаздар, тіпті балалар үшін өзге де беделді адамдар, жеткіншектердің осындай ерекшеліктерін ескермей, ой-пікірлеріне құлақ аспай, олардың қиялдау әлеміне орынсыз араласуы арқылы жасөспірімдердің өздеріне сенімі мен арадағы достық қарым-қатынасын жоғалтып алады[4].

Жас ерекшелік психологиясын зерттеген ғалым Л.И.Божович жеткіншек жас дағдарысын осы жастағы жаңа деңгейдегі өзіндік сана сезімнің туындауымен байланыстырады.

Жас өспірім балалар бойындағы агрессивті мінез-құлықтың бірден-бір себебі жоғарыда айтып өткендей отбасындағы жағдайға байланысты. Отбасындағы жиі кикілжіңнің орын алуы балаға әсер етеді және көп жағдайда теріс әсер етеді. Мұндай күйдегі балалар ықпалға тез көнеді, өйткені олар ішкі күйзелісінен арылуға тырысады. Жасөспірімдік кезең алуан түрлі қарама-қайшылыққа толы, ата-аналардың көпшілігін алаңдататын, уайымға түсіретін күрделі шақ. Себебі мектепте де, отбасында да балалардың агрессиясы үнемі байқалады. Дау-дамайдың көптігі, олардың көңіл-күйінің тұрақсыздығы, қоғамға ашық наразылық білдіруі, ата-ананың қамқорлығын қабылдамауы және т.б.

Әлеуметтенудің тиімді және мінез-құлықтың агрессивті формаларының қалыптасуын ескертудің маңызды шарты үйір болу мотивациясы, балалар сол арқылы қоршағандар оның ішінде, әсіресе өз ата-аналарының қолдауын, назар салуын, қызығуларын тілейтін әрекеттерге үйір болады. Екіншіден үйір болу баланың әлеуметтік талаптар мен шектеулерге бейімделуін шарттандырады. Осыған байланысты агрессия дамуының маңызды шарты тек әлеуметтік үйрену ғана емес, ата-ана махаббатының болмауы немесе олар жақтан үнемі жазалаудың болуына байланысты туындайтын фрустрация да жатады. Балалардың агрессияның көріну формалары мен әлеуметтік-психологиялық факторлары да маңызды сұрақтардың бірі, көптеген зерттеулердің көрсеткіштері бойынша, агрессивтіліктің көрінуі жеке тұлғаның өмірлік тәжірибесіне байланысты. Агрессивтіліктің көрінуі белгілі бір кедергілерге немесе түсірген ауыртпашылыққа байланысты. Мәнді мақсатына жету жолында

кедергілер пайда болған кезде индивидум, фрустрацияны қаншалықты бастан өткерсе, нақты мақсатқа жету талпынысы да соншалықты жоғары болады. Фрустрация агрессивті мінез-құлық үшін күшті мотивациялық жүйені қалыптастыра отырып, агрессивті сезімдерге әкеледі.

Сонымен қатар, жас өспірім балалар бойындағы мінез-құлықтың агрессивті формасының көрініс алуы бұқаралық ақпарат құралдары: теледидар, компьютерлік ойындар, ғаламтор желісі, видеофильмдер және қазіргі мультфильмдердің де әсері үлкен. Балалар бір-бірін көрген, естіген кейіпкерлерге еліктеп ойындарында, мектепте кейде өздерінің есімдерімен емес сол видеофильмдегі немесе компьютерлік ойындағы кейіпкерлердің есімдерімен атайды.

Жоғары да аталған факторлардың әсеріне нақтырақ тоқталатын болсақ, қазір кез келген үйінде компьютер бар. Балалардың көпшілігі бос уақытын осы көгілдір экрандағы ойынмен өткізеді. Онан қалса теледидардан шетелдің шуы көп мультфильмдері мен киноларын тамашалайды. Яғни, баланың өзге дүниемен айналысуына мүмкіндігі бола бермейді. Кейде үй тірлігіне алаңдаған ата-ана баласының тыныш отырғанын тәуір көріп, компьютер мен теледидарды көруіне ешқандай шек қоймайды. Керісінше ойынның түрлерін әкеліп баланы қызықтыратындар да бар. Бірақ уақыт өте келе олар кішкентайларының компьютерге қалай тәуелді болып қалғанын аңғармайды. Ал компьютерлік ойын кімге болса да қызық. Кейде үлкендердің өзі осы ойынның шырмауынан шыға алмай қалады. Психолог мамандардың айтуынша, балалар бұл ойындарға қызықса, оларды жуық арада тоқтату мүмкін емес екен.

Компьютерлік ойындардың негізгі түрі-атыс-шабыс, төбелес. Бұл алдымен баланың мінез-құлқына әсер етеді. Өйткені ойынның бас кейіпкері болған бала үнемі ұта бермейтіні анық. Кейде жеңеді, кейде жеңіледі. Ал ұтылған сайын оның ойынға деген құмарлығы арта түседі. Өзі сол әлемнің батыры болуға ұмтылады. Сырттағы дүниені ұмытып, қым-қиғаш соғыс алаңында немесе сатырлаған төбелестің ортасында, әйтеуір, жарыс алаңында жүреді. Мұндай кезде баланың жүйке жүйесі бұзылып, ашу-ызаға жол береді. Ұтылып қалса, көңіл күйі болмайды. Тіпті осындай кезде айналасындағы адамдардың сөзін тыңдамай, ренжісіп қалуы мүмкін. Екіншіден, компьютерлік ойындардың көпшілігі атыс-шабысқа негізделгендіктен, мұндай ойынға әуес балалардың бойында мейірімділік, ізгілік қасиеттері азаяды.

Жалпы, балалардың компьютерлік ойындарға қызығушылығы 3-4 жасынан басталады. Бірақ мұндай кезде баланы компьютерге жақындатуға мүлде болмайды. Бала 7 жастан асқаннан кейін ғана аптасына бір рет және аз уақыт компьютерге үйреткеніңіз жөн. Ал, бесінші сыныптан кейін оқушының бұндай ойындарға қызығушылығы қатты байқалады. Әсіресе, осы уақытта жуас, өз ортасынан бөлек жүретін балалар компьютерлік ойындардың тұтқынына айналуы мүмкін. Олар достарымен жақын араласпағандықтан бар уақытын компьютер алдында өткізеді. Мұндай кезде оны ойыннан алыстату өте қиын. Тіпті ол ата-анасына қарсы келіп, жанжалдасуы мүмкін. Ұзақ уақыт компьютермен жұмыс істегендіктен, оның адамдармен қарым-қатынасы қиындай түседі. Мінез-құлқы өзгеріп, тез ашуланады. Көпшілікпен тіл табыса алмайды. Компьютерді қосқанша байыз таппай, ал оның алдында отырғанда уақыттың қалай өтіп кеткенін білмейді. Ойнау мүмкіндігі болмаған кезде өзін жайсыз сезініп, ашуланып, мазасызданады. Сондықтан ата-ана баланы компьютердің алдына белгілі бір уақытта ғана отырғызғаны жөн. Шектен тыс құмарлық баланы компьютерге тәуелділікке әкеліп соқтырады. Оны өзге әлем қызықтырмайтын халге жеткізеді [5].

Қазіргі таңда білім беру мекемелерінде, соның ішінде мектептерде жас өспірім балалар бойындағы мінез-құлқындағы агрессивті беталысты анықтау, түзету жұмыстары жүргізілуде. Мұнда мектеп психологінің атқаратын қызметі жоғары. Сонымен қатар, сынып жетекші және ата-ананың бірлескен жұмыстары ұйымдастырылған.

Балалар бойындағы агрессивті мінез-құлықтың орын алуына жанама себептердің бірі мектептегі тұлғааралық қарым-қатынастың дұрыс еместігі болуы мүмкін. Сынып ұжымының психологиялық жағдайын дұрыс қалыптастыруға, педагогтердің оқушылармен қарым-

катынас стилін дұрыс болуына, оқушылардың білім алу қызметін жақсартуға, оқушыларды әлеуметтік маңызы бар қызмет түрлеріне баулуға, мектепте өзін-өзі басқару органын ұйымдастыруға, жеткіншектерді әлеуметтік тұрғыда мақұлданған тіршілік әрекеттеріне баулу бойынша шаралар ұйымдастырып отырған жөн.

Психолог маман мұғалімдер мен ата-аналарға агрессияның не екендігін, оның көрініс беру факторларын, агрессивті баланың қандай күйде болатындығын жете түсіндіруі қажет. Балалардың бойында агрессивті мінез-құлқының жоғары деңгейін байқаған сәттен мектеп психологі, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог және ата-аналар осы бағытта бірігіп тығыз жұмыс жасауы қажет деп ойлаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. -Астана, 2012 жылғы 14 желтоқсан
2. Абілханова Ә. Девиантты мінез-құлық адиктивті мінез-құлықтың спецификасы ретінде. /Педагогика журналы. -№12, 2005.
3. Акажанова А.Т. Девиантология. –Алматы, 2009. -Б.275-154.
4. Ауталипова Ұ.И., Шеръязданова Х.Т., Абдраманова Д.Е. Жас ерекшелік психологиясы.–Алматы, 2010. -Б. 305-118.
5. Қараев Ж.А., Кеңесбаев С.М. Педагогикалық және компьютерлік технологиялардың өзара байланысының дидактикалық шарты. -Алматы, Абай ат.ҚазҰПИ

УДК 82-95:811.512.154

ЧЕЛОВЕК И ВРЕМЯ В ТВОРЧЕСТВЕ ЧИНГИЗА АЙТМАТОВА

Испандиярова Майра Мадияровна

maira.i.79@mail.ru

магистрант 2 курса факультета социальных наук, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан

Мы верим в человека. Считается хорошим тоном верить в себя. Всему можно научиться, всего можно достичь. Было бы желание, а главное – было бы время.

Понимание времени как некоего периода, которым мы располагаем для свершения дел, подталкивает нас к тому, что мы пере набиваем его делами. Дел всегда оказывается больше. Такие отношения со временем свидетельствуют о потере правильного образа жизни.

Правильная жизнь, то есть та, которая соответствует глубинной психологии человека, предполагает, что темп жизни задаётся событиями. События развёртываются. У них есть своя внутренняя логика. Человек оказывается внутри этого потока. Он не испытывает дефицита времени, поскольку события им проживаются до логического конца, а они всегда обеспечены временем, так как в этой системе координат время – лишь продолжительность событий [1].

Возможно, подобная жизнь приводит к тому, что человек делает меньше телодвижений. Зато она оказывается более целостной и глубокой.

К сожалению, городской образ жизни не благоприятствует такому подходу. Мы принимаем урбанистическую модель времени, хоть она и не совпадает с нашей природой. В результате мы испытываем психологический дискомфорт. Отсюда многочисленные неврозы и психические заболевания, свойственные современной эпохе.

Мы нарисовали себе время в виде четвёртой оси координат, добавив её к трём пространственным измерениям, и назвали получившуюся конструкцию пространственно-